



# **I бөлім. Қазақстанның 18 ғасырдағы әлеуметтік - экономикалық және саяси дамуы. 18 ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайы**

Орыс мемлекеті ортаазиялық хандықтармен сауда-экономикалық, дипломатиялық қатынастарын кеңейткеннен кейін, 16-ғасырдың соңы - 17-ғасырдың басында Қазақстанға қызығушылығы арта түсті. 16-ғасырдың соңы мен 17-ғасырда орыс мемлекетінен қазақ даласы арқылы Бұхар мен Хиуаға 44 елшілік пен орыстың 9 дипломатиялық желісі өткен. 1613 жылы 300 адамнан тұратын Ходжа Наурыз елшілігінің сауда керуені қазақ даласы арқылы Орта Азиядан Астраханға, Еділ өзенімен Саратовқа, Самараға, Қазанға барған. Орыс үкіметі Қазақстанмен шекарада қорғаныс бекіністерін салуға кірісті. Омск қалашығы (1585 ж), Түмен (1586 ж), Тобыл (1587 ж), Тара (1594 ж), Томск (1604 ж) әскери-бақылау қоныстары Қазақ хандығының солтүстік-шығысын отарлауда тірек болды. Жоғарғы Ертіс бойына салынған Жәміш (1716 ж), Омбы (1716 ж), Железинск (1717 ж), Семипалатинск (1718 ж), Павлодар, Өскемен (1720 ж) әскери бекіністері қазақ жеріне Ресей әскерінің ішкерілеп енуін жеңілдетті. Қазақ-жоңғар қайшылықтарының шиеленісуі, И.Д.Бухгольц, В.Чередов, П.Ступин, И.Н.Лихаревтің қазақ өлкесіне әскери жорықтары Ресейдің Қазақстандағы ықпалын күшейте түсті. Ресей Қазақ хандарының ойрат жаулаушыларымен күресін өз мақсатына шебер пайдаланды.

Қазақ жерін біріктірушілердің бірі Тәуке хан Ресеймен қарым-қатынасты ушықтырмай, шыдамдылық көрсетіп, елдің басты күшін жоңғарларға қарсы жорыққа бағыттады. Тәуке хан билеген кезде қазақ хандығын уақытша болса да қалыпқа келтіріп, бір орталыққа бағындырды. Ол 1715 жылы (кейбір деректерде 1718 жылы) қайтыс болды. Тәуке ханның орнын басқан Қайып сұлтан хандықты әлсіретіп алды. Кіші жүзді Әбілқайыр, Орта жүзді Сәмеке, Күшік, Ұлы жүзді Жолбарыс басқарып, үш жүздің бірлігі әлсіреді. Ішкі саяси жағдайға Нұралы мен Ералы, Орта жүзде Барақ сұлтан, шақшақ руынан Жәнібек Қошқарұлы, қанжығалы Бөгенбай, Ұлы жүзде Төле би мен Бөлек, Хангелді батырлар айтарлықтай ықпал етті. Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресін ұйымдастыруда белгілі қолбасшы және мемлекет қайраткері Әбілқайыр ерекше көзге түсті. 18-ғасырдың басында қазақ феодалдық мемлекетінің ішкі және сыртқы саяси ахуалы күрделі жағдайда қала берді.